

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 12 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы кеш, құрметті әріптестер! Палата отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 39 депутат. Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Сенаттың отырысына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Әлия Ғалымжанқызы Рақышева қатысып отыр.

Күн тәртібіне Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы бір ғана мәселе ұсынылады.

Күн тәртібіне дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 39, «жақтағандар» – 39, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы мәселені қараймыз.

Конституцияға сәйкес Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру Сенаттың ерекше қарауына жатады.

Келісім алдын ала немесе кейін ұсыну барысында алынады және Палата отырысында беріледі.

Президенттің ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Әлия Ғалымжанқызы Рақышеваға беріледі.

РАҚЫШЕВА Ә.Ғ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті Палата депутаттары! Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 4) тармақшасына, 55-бабының 2) тармақшасына сәйкес Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындауға келісім беру жөніндегі өтінішін сіздердің қарауларыңызға енгізді. Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Әлия Ғалымжанқызына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ.

Бұл мәселе бойынша сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедке беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Жаңа ғана сіздер Мемлекет басшысының Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындау жөніндегі ұсынысын естідіңіздер.

Бұл ұсыныс Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырысында талқыланды.

Аталған кандидатураның өмірбаяны баршамызға белгілі. Ол өмірінің әр кезеңінде министр, Премьер-Министрдің орынбасары, екі мәрте Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің Басшысы сияқты қызметтерді абыроймен атқарған азамат.

Сондықтан комитет бұл кандидатураны толықтай қолдайды және дауыс беру барысында барша сенаторларды қолдауға шақырады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Абрарұлы.
Мұхтар Абрарұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ. Мәселені талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, шешім қабылдар алдында дауыс беру тәртібін белгілеп алайық. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдау ұсынылады. Келісесіздер ме?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Енді Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымына Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовті тағайындау туралы өтінішіне келісім берілсін деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 39 депутат, «жақтағандар» – 39, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды, келісім берілді.

Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовті Президенттің және Сенаттың сенімін ақтап, жоғары лауазымды қызметті абыроймен атқарады деп сенім білдіреміз.

Күн тәртібіне енгізілген мәселе қаралып болды. Осымен отырысты жабық деп жариялаймын. Аман-сау болайық.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Д. НАЗАРБАЕВА

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 12 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы

О даче согласия на назначение Президентом Республики Казахстан Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

РАҚЫШЕВА Ә.Ғ. – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі
Басшысының орынбасары, Заместитель Руководителя Администрации Президента
Республики Казахстан 1


ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. 2

«Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры



С. Теңбаев

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева